

№ 162 от 10.04.2024

Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім
министрінің 2024 жылғы «__»
_____ №_____ бұйрығына
қосымша

Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім
министрінің міндетін атқарушының
2023 жылғы 22 маусымдағы
№ 287 бұйрығына 1-қосымша

**Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының
Басқарма Төрағасы – Ректорын сайлау (тағайындау) жөніндегі
Республикалық комиссия мен Директорлар кеңесінің
қызметі туралы ереже**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының Басқарма Төрағасы – Ректорын сайлау (тағайындау) жөніндегі Республикалық комиссия мен Директорлар кеңесінің қызметі туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді.

2. Осы Ереженің мақсаты акционерлік қоғам, оның ішінде коммерциялық емес қоғам болып табылатын Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының (бұдан әрі – ЖЖОКБҰ) Басқарма Төрағасы – Ректорын сайлау (тағайындау) рәсімі бойынша ЖЖОКБҰ Басқарма Төрағасы – Ректорын сайлау (тағайындау) жөніндегі Республикалық комиссия мен Директорлар кеңесінің қызметін реттеу болып табылады.

3. ЖЖОКБҰ Басқарма Төрағасы – Ректоры лауазымына үміткер адамдардың тізімін қарау, қалыптастыру және оны ЖЖОКБҰ Басқарма Төрағасы – Ректорын сайлау (тағайындау) жөніндегі Республикалық комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) қарауына жіберу Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатады.

4. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі жалғыз акционер ретінде «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, сондай-ақ ЖЖОКБҰ Жарғысына сәйкес ЖЖОКБҰ Басқарма Төрағасы – Ректорын сайлайды (тағайындайды).

2-тарау. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының Басқарма Төрағасы – Ректорын сайлау (тағайындау) жөніндегі Республикалық комиссия мен Директорлар кеңесінің қызметін ұйымдастыру және жүргізу тәртібі

5. ЖЖОКБҰ Басқарма Төрағасы – Ректорын сайлау (тағайындау) мақсатында Министрліктің шешімімен құрамына Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары, уәкілетті органның және басқа да мүдделі мемлекеттік органдардың, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының, Ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің қазақстандық салалық кәсіптік одағының және үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері кіретін Республикалық комиссия құрылады.

6. Республикалық комиссияның Төрағасы бірінші отырыста Республикалық комиссияның мүшелері арасынан қарапайым көпшілік дауыспен сайланады.

7. Республикалық комиссия отырысына Республикалық комиссия мүшелерінің жалпы санынан кемінде жартысы қатысқан кезде комиссия отырысы заңды деп есептеледі.

8. Республикалық комиссия ұсынылған құжаттарды зерделейді және конкурсқа қатысушылармен әңгімелесу өткізеді, оның қорытындысы бойынша ашық дауыс беру арқылы ЖЖОКБҰ Басқарма Төрағасы – Ректоры лауазымына тағайындауға кандидат көпшілік дауыспен айқындалады.

Дауыстар тең болған кезде Республикалық комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

9. Тиісті мемлекеттік органдар шектеу іс-шараларын жүзеге асырған, төтенше жағдайлар енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған кезде Республикалық комиссия отырысы онлайн режимде жүзеге асырылады.

10. Конкурс нәтижелері туралы Республикалық комиссия ашық дауыс берілгеннен кейін кандидаттарды хабардар етеді.

11. Конкурс өткізу кезінде Республикалық комиссияның отырысына ЖЖОКБҰ Басқарма Төрағасы – Ректоры лауазымына орналасуға кемінде екі кандидаттың материалдары ұсынылады.

Егер Директорлар кеңесі ұсынған кандидат(тар) конкурсқа қатысудан бас тарту туралы өтініш берсе, конкурс өтпеді деп танылады және ЖЖОКБҰ Директорлар кеңесі қайта конкурс өткізу туралы хабарлайды.

12. Егер әңгімелесу нәтижесінде Республикалық комиссия ЖЖОКБҰ Басқарма Төрағасы – Ректоры лауазымына кандидатты анықтамаса, онда конкурс өтпеді деп танылады, ал ЖЖОКБҰ Директорлар кеңесі қайта конкурс өткізу туралы хабарлайды.

13. Республикалық комиссияның хаттамасы, Комиссияның оң қорытындысын алған конкурсқа қатысушылардың құжаттары, сондай-ақ

конкурстық іріктеуден өтпеген адамдардың қызметтік тізімі, өтініші мен құжаттары Министрліктің кадр қызметінде сақталады.

14. Республикалық комиссияның шешімі (хаттамасы) ЖЖОКБҰ Басқарма Төрағасы –Ректорын сайлау (тағайындау) үшін негіз болып табылады.

3-тарау. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының Басқарма Төрағасы – Ректорын сайлау (тағайындау) үшін материалдар дайындау тәртібі

15. ЖЖОКБҰ Министрліктің және ЖЖОКБҰ сайтында өзі айқындайтын (өзінің моделін) ЖЖОКБҰ Басқарма Төрағасы – Ректоры лауазымына қойылатын талаптарды жариялайды, оған мыналар кіреді:

1) ғылым кандидаты немесе докторы ғылыми дәрежесінің, философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесінің, ғылыми атағының болғаны жөн;

2) кәсіби тәжірибесі кемінде 10 жыл, оның ішінде білім және ғылым саласындағы басшылық лауазымдарда кемінде 5 жыл;

3) білім беру және ғылыми-инновациялық қызметті ұйымдастыруды, ұйымдастырушылық менеджмент қағидаттарын, қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, өскелең ұрпақты тәрбиелеу жөніндегі мемлекеттік саясатты білу;

4) стратегиялық жоспарлау, бизнес-процестерді цифрландыру, фандрайзинг және инвестициялар тарту дағдыларының болуы;

5) көшбасшылық, креативтілік, жаңашылдық, сыни тұрғыдан ойлау, құқық бұзушылыққа төзбеушілік;

6) қазақ және орыс, ағылшын (жақсырақ) тілдерін меңгеру;

7) ғылым және жоғары білім саласындағы менеджмент және корпоративтік басқару саласында біліктілікті арттыру сертификаттарының болуы.

ЖЖОКБҰ қызметінің негізгі бағыттары бойынша біліктілікті арттыру бойынша сертификаттардың (куәліктердің) болғаны жөн.

16. Конкурса қатысу үшін кандидаттар ЖЖОКБҰ-ны дамыту бағдарламасын ұсынады, оның мазмұны мыналарды қамтуы тиіс:

1) ЖЖОКБҰ-ны дамытудың 5 жылға арналған негізгі бағыттары бойынша пайымы, миссиясы, ЖЖОКБҰ-ның бекітілген құжаттарына және мемлекеттік мүдделер мен міндеттерді сақтауға сәйкес ЖЖОКБҰ-ның құндылықтары мен даму перспективалары (ұлттық және өңірлік жобалар, тұжырымдамалар, Мемлекет басшысының тапсырмалары);

2) ЖЖОКБҰ-ның бекітілген құжаттарын іске асыру бойынша ағымдағы жағдайды талдау (дамудың екі-үш басым бағытын (мақсаттарын) көрсету және олар бойынша индикаторлар мен көрсеткіштерге қол жеткізу);

3) ЖЖОКБҰ тап болатын және (немесе) тап болуы мүмкін негізгі сын-қатерлер және олар бойынша шешімнің ұсыныстары (өткен кезеңдегі стратегияны іске асыруды талдау, мәселелер, шешімдердің сабақтастығы);

4) конкурсқа қатысушы ұсынатын ЖЖОКБҰ дамыту бағдарламасын іске асырудан күтілетін нәтижелер мен жетістіктер.

ЖЖОКБҰ дамыту бағдарламасы PowerPoint форматында көлемі 10 слайдтан аспайтын презентация түрінде ресімделуі керек.

17. ЖЖОКБҰ Басқарма Төрағасы – Ректоры лауазымына үміткерлерді іріктеу кезінде Директорлар кеңесі кандидаттар ұсынған ЖЖОКБҰ даму бағдарламаларын қарастырады және олар:

Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының сәйкестігі;

ЖЖОКБҰ дамуының негізгі мәселелері мен перспективаларын түсінуі (өзектілігі, ЖЖОКБҰ әлеуетімен, ресурстармен үйлесімділігі және оларды пайдалану тиімділігі, тәуекелдерді бағалаудың болуы, сыртқы факторларды есепке алу, индикаторлардың негізділігі мен қолжетімділігі);

ЖЖОКБҰ-ның бәсекеге қабілеттілігін арттыру, оның ішінде ЖЖОКБҰ-ның материалдық-техникалық базасын жақсарту жөніндегі пайымы;

ЖЖОКБҰ инвестициялық тартымдылығын арттыру бойынша бағаланады.

18. ЖЖОКБҰ Басқарма Төрағасы – Ректоры лауазымына үміткерлердің құжаттарын Директорлар кеңесі қараған кезде ЖЖОКБҰ-ның комплаенс-қызметі қатысады.

Кандидаттардың бағдарламасын, сондай-ақ олардың жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған нормаларды сақтауы жөніндегі қосымша ақпаратты (бар болса) тыңдау нәтижелері бойынша, оларды ресми теріске шығаруды нақтылай отырып, Директорлар кеңесі ЖЖОКБҰ Басқарма Төрағасы – Ректоры лауазымына кандидаттарға ұсыным/ұсынымнан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Шешім қабылданғаннан кейін 3 жұмыс күні ішінде ЖЖОКБҰ Басқарма Төрағасы – Ректоры лауазымына ұсынылған кандидаттың сәйкестігін растайтын құжаттарды қоса бере отырып, Директорлар кеңесі отырысының хаттамасы Министрлікке жіберіледі.

19. Министрлік конкурсқа қатысу үшін Директорлар Кеңесі ұсынған үміткерлердің материалдарының толықтығы мен дұрыстығын тексереді, содан кейін оларды Республикалық комиссия мүшелеріне жібереді.

20. Осы Ереженің 15-тармағына сәйкес қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес болған кезде Республикалық комиссия шешім қабылдаған кезде қолданыста болатын мемлекеттік саяси және әкімшілік қызметшілер лауазымдары тізіліміне сәйкес лауазымдары мемлекеттік саяси лауазымдарға жатқызылған жағдайда, өз өкілеттіктерін теріс себептермен тоқтатқандарды қоспағанда, өз өкілеттіктерін кемінде алты ай орындаған және оларды тоқтатқан мемлекеттік саяси қызметшілері мен «А» корпусының мемлекеттік

әкімшілік қызметшілерін Жалғыз акционердің шешімімен ерекше мәртебесі жоқ ЖЖОКБҰ Басқарма Төрағасы – Ректорын тағайындауға жол беріледі.

Ерекше мәртебесі бар ЖЖОКБҰ Басқарма Төрағасы – Ректоры «Мемлекеттік билік органдары жүйесіндегі кадр саясатының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 31 шілдедегі № 290 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі мен Президент Әкімшілігі Басшысының келісімі бойынша Жалғыз акционердің шешімімен тағайындалады.

Қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін тараптардың келісімі бойынша еңбек шарты ұзартылады, тоқтатылады (күші жойылады) немесе ЖЖОКБҰ Басқарма Төрағасы – Ректоры лауазымына конкурс жариялау туралы шешім қабылданады.

Согласовано

09.04.2024 18:09 Джарасова Гульжан Сагидуллаевна

09.04.2024 18:09 Кобенова Гулзат Исбасаровна

09.04.2024 18:12 Султумбаева Бахтыгуль Сагатовна

09.04.2024 18:17 Қаирбек Ляйляш Қаирбекқызы

09.04.2024 18:19 Салимгереев Куаныш Аманжолович

09.04.2024 18:25 Зейнулла Айдын Зейнуллаулы

09.04.2024 18:37 Алигожин Бекет Кабиденевич

09.04.2024 19:06 Ешенкулов Талгат Ильясович

Подписано

10.04.2024 15:53 Нурбек Саясат

